



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

дайын болуы мен осы ғылыми мәселенің дамымауы арасындағы қарама-қайшылыққа негізделеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Основы теории коммуникации: Учебник /Под ред. проф. О-75 М.А. Василика. — М.: Гардарики, 2003. — 9-10б.
2. Данакин Н.С. Смысл и профессиональные особенности социальной работы // Российский журнал социальной работы, 1995, № 1, 30б.
3. Доти Д. Паблсити и паблик рилейшнз. — М., 1996, 42-50б.
4. Кабреро Х.Д. Связи с общественностью в мире финансов. — М., 1996.
5. Маркина Т.М. Интерпретация тезауруса в области социальной педагогики и социальной работы / Социальная педагогика и социальная работа за рубежом. Т. 1. — М., 1994, 48-50б.
6. Сопер П. Культура речи. — М., 1989.

УДК 37.01

ШЕТЕЛДІК ПРАКТИКАДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ ДИЗАЙНДЫ ҚҰРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Өткір Назерке Сакенқызы

nazerke_otkir@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В090500-«Әлеуметтік жұмыс»

мамандығының 2 курс студенті

Астана, Қазақстан

Британ стандарттау институты инклюзивті дизайнды өнім немесе қызмет дизайнын әзірлеуде жалпыға бірдей қолжетімді, арнайы бейімделу қажеттіліктерін ескере отырып және мүмкіндігінше адамдардың көп бөлігі қолдана алатындай етіп жобалау деп анықтайды. Инклюзивті жобалаудың мақсаты – әртүрлі ерекшеліктерді есепке ала отырып адамдарға тең жағдайлар жасау және қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

Инклюзивті дизайн - британдық термин. АҚШ-та бұл ұғымды «әмбебап жоба деп атайды». Жиі қолданылатын терминдердің бірі: «барлығына арналған дизайн». Іс жүзінде бұл терминдердің барлығы синонимдер болып табылады.

Инклюзивті дизайн тарихы ХХ ғасырдан басталады, яғни, ол адамзат тарихындағы екі әлемдік соғыстың салдары және ғылым мүмкіндіктерінің кеңеюімен тікелей байланысты. Ғылыми прогресс халықтың, оның ішінде, мүмкіндігі шектеулі жандар мен созылмалы ауруға ұшыраған адамдардың өмірін айтарлықтай ұзартуға мүмкіндік берді. Бұрын өлімге әкеп соқтыратын жарақаттардан соң да өмір сүру деңгейі артты. Бұл мүмкіндіктер қаншалықты қайғылы болған әскери қақтығыстарда және туа мүмкіндігінен айырылған жүз мыңдаған адамдар үшін үлкен рөл атқарды. [1]

Өткен ғасырдың ортасында Еуропа, Америка Құрама Штаттары мен Жапонияда мүмкіндігі шектеулі жандар үшін физикалық кедергілерді жоюға бағытталған «Кедергілерсіз» қозғалысы кең өріс ала бастады. Оның соңынан осы санаттағы адамдарды кемсітуге қарсы және олардың азаматтық құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған күрестер толқынымен жалғасты. Бұл топтар заңнамалық базаға, оның ішінде объектілерді жобалауға қойылатын талаптарға айтарлықтай әсер етті. 1973 жылға қарай АҚШ-тың 49 шатында түрлі типтегі ғимараттарға қолжетімділік стандарттарын енгізді. Нәтижесінде, бұл жобаларда мүмкіндігі шектелген адамдардың ерекшеліктерін ескеріп, қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған шаралар арта түсті. Бастапқыда инклюзивті дизайн «стандартты пайдаланушылар» үшін бекітілген шешімдерді толықтыруға шақырды. Осындай толықтыруларға ғимараттарда баспалдақпен қоса мүмкіндігі шектеулі жандарға

арналған пандустар, көру қабілеті нашар адамдар үшін арнайы тактикалды нұсқаларды жабдықтау кірді.

Қазіргі инклюзивті дизайн «сегрегация әдісі» деп аталатын белгілі бір адамдар тобына арналып мамандандырылған қосымшалардан бас тарту үрдісі белең алуда. Дизайнерлер ерекше қасиеттерге, әртүрлі мүмкіндіктерге қарамастан мүмкіндігінше көп адамдар қолданатын орталар, қызметтер және заттар жасауға барынша ұмтылады.

Нұсқаудың бірі - орташалаудан бас тарту. Орташа мәнге тыйым салу қағидасы адамның әртүрлілігін және олардың мүмкіндіктерін бірден бірнеше көрсеткіштер үшін орташа мәнге түсіруге болмайтынын белгілейді. *Simplicable* порталы жазғандай, «орташа пайдаланушы үшін жасалған дүниелер басым көпшілік үшін оңтайлы емес, өйткені бізде орташа мән жоқ».

Осындай дизайн түрлерін дамытуға балалық шағында полиомиелитпен ауырып арбаға таңылған америкалық архитектор Рональд Манс үлкен үлес қосты. Ол, атап айтқанда, «эмбебап дизайн» терминінің авторы болып саналады. Манс өзінің негізгі қағидаларына негізделген Эмбебап дизайн орталығын құрды.

Инклюзивті дизайнды алдыңғы қатарлы жоспарға қоюдың негізгі себептерінің бірі-демографиялық фактор. Дүнежүзілік Банктың деректері бойынша халықтың 15% -ында денсаулық жағдайында шектеулер бар. 60 жастан асқан адамдардың 46%-ы мүгедектікпен өмір сүреді, ал қарт адамдардың саны жылына 3%-ке артады. Инклюзивті дизайнның нәтижесі көбінесе тривиалдық тақырыптар мен тұжырымдамаларды қайта қарастырады, сондықтан оларды пайдалану әрбір адам үшін немесе ең үлкен ықтимал адамдар тобы үшін ыңғайлы болады. Сенсорлы (датчиктермен) жабдықталған автоматты есіктер мүмкіндігі шектеулі адамдардың арнайы коляскаларда жүруіне, қолында заты бар адамдарға да қиындықсыз ғимараттарға кіруге мүмкіндік береді. Бір кең тік рампа шығу кезінде баспалдаққа қарағанда ыңғайлы. Сондай-ақ, иллюстрациялар түрінде тақтайшамен біріктірілген ескерту немесе белгі мәтіндік хабарландыруға қарағанда жақсы болып есептеледі. [2]

Инклюзивті дизайн мысалдары:

Канадалық адам құқықтары мұражайы. 2013 жылы Канаданың Виннипег қаласында адам құқықтары мұражайы ашылды, оның дизайны мен құрылысы инклюзивті дизайн принциптеріне сәйкес жасалған. Музей басшысы музейдің ашылу салтанатында өз командасына алдында тұрған міндеттерін былай қорытындылады: « Біздің мұражайда мүгедектік басқаша жағдай ретінде емес, әрқайсымызға әсер етуі мүмкін өмірдің қарапайым бөлігі ретінде қабылданатын болады».

1. Инклюзивті дизайнның жарқын мысалдарының бірі - *Sesame phone* болып табылады. Бұл телефон тікелей сезімтал байланыссыз, бастың қозғалысы арқылы жауап қайтарады.
2. Охо-инклюзивті дизайн аясындағы өндіруші болып табылады. Компания үйге арналған әр түрлі пайдалы ыдыс-аяқтарды шығарады: оң қолы жақсы бейімделген және солақайларға, әйел мен ер, жастар мен қарттар барлығына арналған ас үйден бақшаға дейінгі тұтыну заттарын шығарады.
3. *Easy Living* үй инклюзивті дизайн стандарттарына сәйкес тіршілік кеңістігін жобалауға маманданған.[3.1]

Инклюзивті дизайн «ақылды қалаларды» жоспарлаудың маңызды бөлігі.Нью-Йорктегі «болашақ такси» мүмкіндігі шектеулі адамдардың арбасына бейімделген, сонымен қатар дыбысты тікелей есіту аппараттарына жіберетін технологиямен жабдықталған. [4]

2016 жылы Сиднейде көру қиындығы бар адамдарға көмек ретінде қиылыстар мен жолда бағдар беретін екі мыңнан астам тактильді панельдер орнатылды. Қоғамдық орындардың неғұрлым қолжетімді болуының тағы бір жолы – орналасқан жері пайдаланушылардың қажеттіліктеріне бейімделгенін анықтау үшін мобильді қосымшаларды пайдалану, мысалы, *Wheelmap.org* или *Jaccede.com*.

Канаданың үкіметтік емес Керул ұйымы туристік сайттарды жоспарлауда эмбебап дизайн принциптерін енгізу бойынша тамаша нұсқаулықты әзірледі. Онда қалалардың туристердің барлық категориялары үшін қолжетімді болатындай негізгі аспектілері мен

талаптары келтірілген. Жол көрсеткіші, сонымен қатар, есіктердің, жаяу жүргіншілер өтпелерінің, пандустардың, лифттердің, парковкалардың, дәретхананың, қонақ үй бөлмелерінің және жағажайлардың оңтайлы енін талқылайды. Инклюзивті дизайн принциптері:

4. Құралдарды мүмкіндігінше барлық пайдаланушылар қолдана алатындай етіп қамтамасыз ету;
5. Дизайнды барлығы үшін қолайлы ету: қоршаған ортаға, пайдаланушының есіту, көру қабілетіне, орналасуы мен қозғалысына қарамастан тәжірибе, білім, тілдік дағдылар мен пайдаланушылардың концентрация деңгейіне қарамастан, түсінуге оңай болуы қажет;
6. Дизайн пайдаланушыны шаршатпай, тиімді және ыңғайлы пайдалануға мүмкіндік беруі қажет;
7. Барлық пайдаланушылар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

Инклюзивті дизайнның арнайы желісі - вебке қолжетімділік. Бұл ұғым пайдаланушыға бағытталған дизайннан тыс және пайдаланушылардың физикалық және басқа сипаттамаларына байланысты мүмкін болатын кедергілерді жоюға бағытталған.

Желінің стандарттарын анықтайтын *World Wide Web* консорциумының веб-қолжетімділік бастамасы ресурстар мен жабдықтардың веб-қолжетімділігіне қойылатын негізгі талаптарды әзірлейді.

Беркли университеті сайттың қолжетімділігін жақсарту бойынша негізгі ұсыныстар береді. Мысалы, ол кейбір маңызды ақпаратты жеткізу үшін түсіне сенбеуге кеңес береді. Кейде тек қызыл шекарамен дұрыс толтырылған белгіні таңдау жеткіліксіз. Адамдарға түсініктеме беру керек.

Вебке қолжетімділік біртіндеп әлемдік стандарттарға айналуға. АҚШ-тың Әділет министрлігі бірнеше жыл бұрын мүгедектердің құқықтарына қатысты негізгі заң актісіне қолжетімділікті талап ететінін жариялады. Енді АҚШ-та беймәлім сайттардың иелеріне сот процесі қауіп төндіріп жатыр. Мәселен, 2015 жылдан 2016 жылға дейін визуалды қиындықтарға ұшыраған адамдардың сайттарына веб-қолжетімділік стандарттарына сай келмеуіне шағымдану саны 240-қа жетті.

2016 жылдың мамыр айында Еуропалық Одақ веб-қолжетімділік параметрлерін трансұлттық енгізуге келісті. Еуразиялық Одаққа мүше мемлекеттер осы талаптарға 2018 жылдың қыркүйегіне дейін баруға тиіс. Олардың кейбіреулері веб-сайтқа кіруге рұқсат берді. Австрияда бұл міндеттеме бірнеше жыл бұрын мемлекеттік мекемелерге жүктелді. Испанияда бөлімшелер талаптарды орындамаған жағдайда айыппұл төлейді. Италияда веб-сайттың қолжетімділігіне қойылатын талаптарды қанағаттандырмаса, сайтты сақтауға жауапты мемлекеттік қызметкерге қаржылық айыппұл салынады. [3.2]

Қорытындылай келгенде, адам дене мүшесін және оның қабілетін таңдай алмайтын дәрежеде дүние есігін ашады. Соған қарамастан адамдар еркін және тең құқықта дүниеге келеді және өмір сүру барысында да тең құқықты сақтау адамзаттың бір-бірінің алдындағы парызы, салауатты қоғамның көрінісі. Әлемде қанша адам болса сонша тағдыр бар, әр түрлі қиындықтар да кезігіп отырады. Мүмкіндігінен айырылған ерекше жандарға барынша жағдай жасап, тең қоғам құру адамзат баласының ең биік жетістігі. Ғылым мен техника минут сайын дамиды біз өмір сүріп жатқан ХХІ ғасырда адамгершіліктің асқақ шыңын жоғалтпауымыз біздің басты міндетіміз. Ғылымды адамзат пайдасына жаратып жатқанда мүмкіндіктерді барлығына теңдей етуіміз қажет. Әлем жаңашылдыққа бет бұрысын тоқтатпайтын заманда тарихымызда бар асыл қасиеттерімізді сақтай отырып заманға бейімделе білу Қазақстанның әлемдік аренадағы орнын айқындайды. Инклюзивті дизайн жоғарыда аталған бірқатар мемлекеттерде қолданысқа еніп, бүгінде қоғамның тұрақты заңдылығына айналған. Біздің елге де бұл іске кезек күттірмейтін мәселедей қарап, тез арада сапалы түрде қолданысқа енгізу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Наберушкина Э.К. Социальное пространство инвалидности: формирование доступной среды / Наберушкина Э.К. Саратов: Наука, 2009. 158 с.
2. <https://te-st.ru/2017/08/25/what-is-inclusive-design/>
3. Наберушкина Э.К. Инвалиды в большом городе: проблемы социального гражданства / Наберушкина Э.К. М.: ООО «Вариант», ЦСПГИ, 2012. 334 с.
4. <https://www.miloserdie.ru/article/inklyuzivnyj-dizajn-13-poleznyh-tehnologij-i-prilozhenij/>

УДК 372

ЖАСТАРДЫ ИМАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖОЮДЫҢ ФАКТОРЫ

Озат Айгерім

Гуманитарлық колледж, 4- курс студенті
Астана, Қазақстан

Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Халқымыз қайырымды – мейірімді жанды «адамгершілігі мол адам» деп дәріптеген. Қайырымды-мейірімді жан – өзгелерді, басқа адамдарды ойлап, соларға қол ұшын беруші жан. Адамгершілік – адамның рухани арқауы.

Жастарды үйде де, түзде де имандылық пен адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеудің халықтық сан алуан әдіс-тәсілдердің бірі. Иmandылық үлкенді силау, ар-ұят, ожданды білу, инабатты болу осы тәрбиеден басталады. Өйткені ар – ұят, ождан – иманның кілті. Иmandылыққа деген ұмтылыс адам бойындағы табиғи құбылыс. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с): «Иmandылық негізін жетпіс немесе алпыс тармақтан тұрады. Ал күнәға барудан ұялу ол имандылықтың бір бөлігі» - деп бұйырған. Хадистің мағынасын тереңдеп түсініп, мұсылман қазақ еліне ислами тәлім – тәрбиені насихаттау қызметін атқарған данышпан Абай Құнанбайұлының 38 – ші қара сөзінде: «Иmandылық тек сену ғана емес, әділдікті арттыру мен әділетті іс істеу, ынсап, ұят бұл қабілеттен шығады» - деп жазуы да әлбетте Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с)-ның хадистерінен халқымызға уағыздап, тәрбиеге шақыру үшін болатын. Халық арасында сақталған бір шумақта:

Десе де таң атпаймын күн қоймайды,

Қуалап өтірікті шын қоймайды.

Құйрығы арамзаның бірақ тұтам,

Түбінде арамзалар дым болмайды.

- деп көрсеткендей өзімізге зияны тисе де шын сөйлеу керек. Бұл турасында Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) «Ойы арам, айлакер, сөзінде тұрмайтын жандар тозақтың отына күйеді» - деп бұйырған.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Қазіргі жас ұрпақ – қоғамның болашақ қайраткері, еліміздің тірегі, ертеңгі ел тізгінін ұстайтын үмітіміз. Келешектің кемелді болуының кілті өсіп келе жатқан ұрпақтың қолында. Сондықтан, рухани ізгілікті, жаңару заманына лайықты, өзін-өзі басқара алатын жан-жақты тұлға тәрбиелеу күн тәртібінен ешқашан түспек емес. Қоғамдағы әрбір азамат иманы кәміл, денсаулығы мықты, рухани дүниесі бай, жаны мен тәні кіршіксіз таза, танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеті ерекше тұлға болса нұр үстіне нұр. Жастық шақ – адам өміріндегі мүмкіндігі зор, қайрат-жігерге толы керемет кезеңі. Алла тағала Құрандағы «Рум»